

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 11 мамырдағы
№ 190 Бұйрықка
1-косымша

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 79) тармақшасына сәйкес, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармагына және 16-бабының 1-тармагына негізінде **БҮЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – КР Оқу-агарту министрінің 14.07.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң колданыска енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырган:

- 1) осы бұйрықка 1-косымшага сәйкес Педагогикалық әдеп қағидалары;
- 2) осы бұйрықка 2-косымшага сәйкес Білім беру үйымдарындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары;
- 3) корсетілген бұйрыққа 3-косымшадағы Білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріндегі педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары осы бұйрыққа косымшага сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармакқа өзгеріс енгізілді - КР Оқу-агарту министрінің 24.04.2024 № 84 (29.04.2024 бастап колданыска снігізіледі) бұйрығымен.

2. "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндеттін атқарушының 2016 жылғы 8 кантардағы № 9 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13038 болып тіркелген, 2017 жылғы 1 кантарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бакылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті (Н.Ә. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрыкты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрыктың орындалуын бакылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариновага жүктелсін.

5. Осы бұйрык алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң колданыска енгізіледі.

Педагогикалық әдеп қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-агарту министрінің 14.07.2023 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң колданыска енгізіледі) бұйрығымен.

2. Педагогикалық әдеп білім беру үйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.